Бекітемін:
«Дінислам нұры» бөбекжай-балабақшасы
Балабақша меңгерушісі: А.Ермаханова

Мектепке дейінгі ұйым «Дінислам нұры»
Ортаңғы топ 3 жастағы балалар
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 – 2026 жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Мектепке дейінгі ұйым «Дінислам нұры»
Ортаңғы топ 3 жастағы балалар
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 – 2026 жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Қыркүйек айы	**Ұйымдастырылған іс әрекет**	**Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері**
	Дене тәрбиесі	**Негізгі қимылдар:** *Жүру.*Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру *Тепе-теңдікті сақтау.* Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. *Жүгіру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) *Еңбектеу, өрмелеу.* Заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның,доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; *Секіру.*2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру **Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген

		жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** *Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:* қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен);заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; *Кеудеге арналған жаттығулар:* допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу;солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); *Аяққа арналған жаттығулар:* аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; **Қимылды ойындар** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. **Дербес қимыл белсенділігі**. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар,шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. **Спорттық жаттығулар:** Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау

		қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды,қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.** Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.** Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету,олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасызету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
	Тіл дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-

		д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуді; **Сөздік қор:** ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту; **Тілдің грамматикалық құрылымы:** сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру **Байланыстырып сөйлеу:** Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта.** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуде **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту **Сөздік қор.** Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары ментабиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы.**

		Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету **Байланыстырып сөйлеу.** Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру
	Математика негіздері	**Сан.** Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету **Шама.** ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру; **Геометриялық пішіндер** геометриялық пішіндерді тану және атау **Кеңістікте бағдарлау** өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. **Уақытты бағдарлау.** тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн.
	Сурет салу	Көкөністер мен жемістердің суретін салу Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Мүсіндеу	Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;
	Жапсыру	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау

	Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға жәнеқолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.
	Музыка	**Музыка тыңдау** түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; **Ән айту.** Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.** Балаларды музыкалық аспап қоңыраумен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету
	Қоршаған әлеммен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі.** «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету **Заттық әлем.** Заттардың айырмашылықтары мен атауларын атау дағдыларын қалыптастыру **Көлік, байланыс құралдары.** Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру **Еңбекке баулу.** Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**


		Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту **Менің Отаным – Қазақстан.** Балалар тұратын қала мен ауыл туралы білімдерін қалыптастыру Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). **Өсімдіктер әлемі.** Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің,бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану. **Жануарлар әлемі.** Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. **Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау,бұтақтарды сындырмау

Бекітемін:
«Дінислам нұры» бөбекжай балабақшасы
Балабақша меңгерушісі: А.Серікбаева

Мектепке дейінгі ұйым «Дінислам нұры»
Ортаңғы топ 3 жастағы балалар
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 – 2026 жылына арналған
Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2025 жыл 1 апта


Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 29.09.2025	Сейсенбі 30.09.2025	Сәрсенбі 01.10.2025	Бейсенбі 02.10.2025	Жұма 03.10.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуы - балалардың оң мінез-құлық қабілеттерін қалыптастыру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Топта жаңа ойыншықтар жармеңкесі ашылғанын хабарлап бұрын көрмеген ойыншықтармен еркін ойнауына жағдай жасап көңіл күйін көтеру. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру **(тіл дамыту)**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен балаларды ауа-райына байланысты киім кию қажеттілігі туралы әңгімелесу				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар. Өнер орталығында сурет салу, бояу, суретті кітапшаларды бояу, қарау. **Балалармен жеке жұмыс.**				
	«Ойын алаңы» Міндеттері: Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (мозайка, пазл) қуыршақтар, шағын көлік түрлерімен ойындар.	«Ойын мен ойын» Міндеттері: жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту. Екі бала арасында доппен ойын. Допты бір біріне берер кезде бір бала жемістерді, ал екіншісі	«Геометриялық фигуралар» Міндеттері: Пішіндерді тану (дөңгелек, үш бұрыш, шаршы) және атау. Жемістермен көкөністер қандай пішінге сәйкес келеді. Корточкалармен жұмыс.	«Ойын алаңы» Міндеттері: Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан үлгі бойынша және ойдан құрастыру дағдыларын жетілдіру. **(Құрастыру)**	«Жеміс пен көкөніс» Міндеттері: Балаларға топтағы жеміс пен көкөніс макет ойыншығымен ойнауға жағдай жасау. Ойнап отырған ойыншығы тура сұрау. Бұл ойыншық несімен ұнайды. Оның түсі, пішіні қандай және т.б

	Құрастырмалы ойыншықтарды құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Сөрелерге ойыншықтарды жинау.	көкөністерді атайды. Барлық баланың ойын ойнауын қамтамасыз ету. **(Тіл дамыту)**	**(Математика негіздері)** 		сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. Апта бойы жаттаған тақпақ пен тіл ұстарту жаттығуын қайталап айтқызу. **(Тіл дамытужәне көркем әдебиет)**
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбер. Сендерді осындай әдемі, мейірімді, жақсы көңіл-күймен көргеніме өте қуаныштымын! Бұл күнді біз бірге өткіземіз. Бүгінгі күн сендерге қуаныш пен көптеген жаңа қызықты әсерлер әкелсін. Бір-бірімізді қуантайық! деп «Өз көңіл-күйіңді туралы айт» жаттығу жасату Балаларға әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. жағдайларды жасау **(тіл дамыту)** **«Мейірімді адамдар»** *Ойынның мақсаты:* «мейірімді адамдар» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау процестерін дамыту. Балалар шеңберге тұрады. Педагог кезекпен әрқайсысына доп лақтырады. Допты ұстаған бала кез-келген мейірімді адамды атайды және оның неге мейірімді екенін түсіндіреді (жауаптың үлгісі: менің әпкем мейірімді, өйткені ол менімен күнде ойнайды, маған көмектеседі). Барлық балалар айтып болғаннан кейін, педагог олардың әрқайсысы				

	атап берген барлық мейірімді адамдарды толық айтып беруді сұрайды. Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай ойындар ойнату.				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар Негізгі қимылдар: *Жүру.*Еденге қойылған заттардан аттап жүру *Жүгіру.* Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Қимылды ойын: Қоян мен қасқыр	**Музыка** «Жемістер мен көкөністер» Міндеттері: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.*Еденге қойылған заттардан аттап жүру *Жүгіру.* Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) *Еңбектеу, өрмелеу.* Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Қимылды ойын: Тырналар-тырналар Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру	**Қазақ тілі** «Отбасы»: Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні, әпке, мен, сен, ол. Қазақ тілінде сөйлеу, сөздік қорына сөздер қосу. Міндеттері: Күнделікті еркін ойында балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау.	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.*Еденге қойылған заттардан аттап жүру *Жүгіру.* Қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін) *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. *Еңбектеу, өрмелеу.* Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). Қимылды ойын: Тышқандар мен мысық.
	«Жеміс пен көкөніс» Мақсаты:Балаларға келген хаты көрсету. Ашып хатта суреттерді алып көрсету. Міндеттері: Бұл қандай	«Жеміс пен көкөніс» Мақсаты:Балаларды ң қалауы бойынша дамытушы орталықтарға	«Жеміс пен көкөніс бағы» Мақсаты: қалаулары бойынша жеміс пен көкөністерді құрастыру	«Жеміс пен көкөніс» Мақсаты: Кітап орталығында кітаптардан жемістер мен көкөністердің суреттерді көрсетіп	**Қауіпсіздік ережелері**. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым

	жеміс немесе көкөніс танисыңдар ма?деп сұрау Әр балаға бір сурет алып атауға беру. Ол атауларда дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айтқызу арқылы дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту **Қауын** Иісім жұпар аңқыған, Бақшадағы шырынмын. Жеп көргендер тамсанған – Балдай тәтті қауынмын. **(Көркем әдебиет және тіл дамыту)**	бөлініп дербес шығармашлық әрекеттер жасау. Міндеттері: Ыдыстарға жемістер мен көкөністерді салу. Балалардың қалауы бойынша **(Сурет салу)** Ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеу. **(Мүсіндеу)** бейнеленген көкөністермен жемістерге сәйкес жұп түстегілерді таңдап жапсыру **(Жапсыру)**	Міндеттері: Пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану арқылы қарапайым құрылыстар құрастыру. **(Құрастыру)** 	сұрақтар қою. Міндеттері: Тіл ұстарту жаттығуын жасау. Із –із –із –бақшадағы сәбіз Ет – ет- ет- алма толы себет. **(Тіл дамытужәне көркем әдебиет)**	ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтауды үйрету.
2-ші таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (**тіл дамыту, өзіне-өзі**				

	қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	«Жас метеоролог» Балабақша ауласындағы метоалаңмен таныстыру Бақылау. Мақсаты: Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** «көкөністер мен жемістер» Міндеттері: көкөністер мен жемістердің суретін салу. (бормен, құммен немесе мольбертте) **(Сурет салу)** **Қимылды ойын:** «өз үйіңді жылдам тап» Балалардың қалуы бойынша еркін ойындар	«Көкөністер» Міндеттері: ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей жемістерді салыстыру; биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей көкөністерді салыстыру. Карточкалармен дидактикалық ойындар **(Математика негіздері)** **Қимылды ойын:** «Сақина жасыру» Еңбек. Балабақша ауласындағы жапырақтар мен бұтақтарды жинау. Аула сыпырушының	Бақылау. Мақсаты: табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын, өсімдіктерге сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Бақша ауласында өсетін өсімдіктер мен ағаштарды бақылау. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** «көкөністер» Міндеттері: Құмда таяқпен көкөністерді бейнелеу. **(Сурет салу)** **Қимылды ойын:** «Күміс алу»	«Жас метеоролог» Бақылау. Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді байқау. Табиғат құбылыстарын сипаттау дағдыларын пысықтау. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** «Ойыншықтар» Міндеттері: өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру. Серуенге алып шыққан ойыншықтарды әр жерге қою арқылы кеңістікте бағдарлау дағдыларын пысықтау. **(Математика негіздері)** Зерттеу. Ыстық және суық желді ажырата білуді	Бақылау. Мақсаты: Балабақша ауласында өсетін ағаштар мен өсімдіктерді көрсету. Шырша мен ағашты ажырата білуін қалыптастыру. Ғажайып сәт. Ағаштардың арасында беті жабылған себет. Бетінде хаты бар. Ішінде сәбіз, қияр, асқабақ, қырыққабат, қызанақ бар екен. Балаларға атату. Топқа алып баруды ұсыну. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** Өсімдіктерді суғаруды көрсетіп,таныстыру Қ/о «Поезд» Алып келген себеттегі көкөністерді жуу. Оларды жеп көру. Өткір емес пышақпен турап, салат жасау.

		еңбегіне құрметпен қарау дағдысын қалыптастыру.		үйрету Қ/о «Тырналар»	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін күй тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауын қалыптастыру. Ертегілердің мазмұнын түсінуге дағдыландыру. Электронды құрылғылардан ертегі тыңдату. **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын жинауға әркет жасауын үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)**				

	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	«Көкөністер мен жемістерді себеттерге салу». Міндеттері: "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Карточкалармен жұмыс. **(Математика негіздері)** «Жемістер» Міндеттері: Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету. Жемістер ыдысы. Әр түрлі көкөністер мен жемістердің ішінен, тәрелкеге сыятын жемістерді жапсыру. **(Жапсыру)**	«Жемістер мен көкөністер» Мақсаты:Жемістер мен көкөністер туралы видео материал көрсету. Міндеттері:Тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету **(Көркем әдебиет)** «Өсімдіктер» Міндеттері: Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**	«Жемістер мен көкөністер» Мақсаты:Жалпы белгілері бойынша жемістер мен көкөністерді топтастыру. Міндеттері:тақпақты мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға үйрету. Иісім жұпар аңқыған, Бақшадағы шырынмын. Жеп көргендер тамсанған – Балдай тәтті қауынмын. **(Тіл дамыту, көркем әдебиет)** «Жемістер» Міндеттері: желімдеудің техникасы; желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алуды	«Жемістер» Міндеттері: дөңгелек пішінді жемістердің суретін салу **(Сурет салу)** көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру **(музыка)**	«Көкөністер» Мақсаты: Алдын ала даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі; Міндеттері: үлкен және кішкентай көкөністерді жапсыру. **(Жапсыру)** «Ағаштармен жемістер» Міндеттері: Құрастыру заттарынан ағаштармен жемістер құрастыру **(Құрастыру)**

			үйрету арқылы жемістерді жапсыру. **(Жапсыру)**		
Балалармен жеке жұмыс	Ересектермен бірге дене жаттығуларын орындауын дамыту	педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтуын меңгерту	заттардың санын біреу-көп екенін түсіндіру	симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастыруды үйрету	басқа балалармен бірге, келісіп ойнап, бір-біріне көмектесіп және жетістіктеріне бірге қуануды дамыту
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	«Шығармашылықпен құрастыру» Міндеттері: Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру **(Құрастыру)** Қ/о «Кім жылдам?»	«Көңілді күн» Міндеттері: көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру **(музыка)** Қ/о «Тырналар»	Қ/о «Поезд» **Дидактикалық ойын «Құрметтеуді үйренеміз»** *Ойынның мақсаты:* құрдастарына құрметпен қарауға тәрбиелеу. Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп,	Қ/о «Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру	«Дене мүшелері» Міндеттері: Өзінің дене мүшелерін (басы, аяғы, қолы) бағдарлау және атау.кім жылдам көрсетеді ойынын бірнеше балалармен ұйымдастыру. Жеке карточкалармен жұмыстар. **(Математика негіздері)** Қ/о «Тырналар» Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін

			доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады. Ойын барлық қатысушылар айтып болғанша жалғасады.		көрсету, байқағыштығын қалыптастыру
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу. Ұжымдық жұмыс жүзім. Балалар бір бірден жасап, сабағына жинап, жүзім сабағын жасау. **(Мүсіндеу)**	«Жеміс бағы» Міндеттері: Бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау арқылы жеке шығармашылықпен жұмыстар. **(Құрастыру)**	«Көкөністер» Міндеттері: Ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып кейбір көкөністерді мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру; **(Мүсіндеу)**	«Көкөністер» Міндеттері: Ермексаз және табиғи қалдық материалдармен үйлестіріп жемістер мен көкөністерден әр түрлі заттар жасау. Балалардың қиялын дамыту. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **(Мүсіндеу) (Жапсыру)**	Міндеттері: Балалардың қалауы бойынша сурет салу немесе ермексазбен еркін шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру. **(Сурет салу) (Мүсіндеу)**

Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшадағы достары туралы әңгімелесу. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрау. Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру

Тексерген әдіскер: Н.Байходжаева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2025 жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 06.10.2025	Сейсенбі 07.10.2025	Сәрсенбі 08.10.2025	Бейсенбі 09.10.2025	Жұма 10.10.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(тіл дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балаларға жануарлардың суреті бар кітаптар алып беруін ұсыну.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата»,«Суреттерді орналастыру», «Дауысынан таны», «Бұл кімнің дауысы?» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбекті бақылау (бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға көмектесуін жетілдіру) **Балармен жеке жұмыс.**				
	Видео материал көру Орман дегеніміз не? «орманда кімдер мекендейді?» сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну **(тіл дамыту)** «Жануарлар» Міндеттері: салынған	«Тоқылдақ» Міндеттері: **С**уреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу; Орманда қандай құстар мекендейді?	«Орман жапырақтары» Міндеттері: Балаларға жапырақтар салынған себетті көрсету. Бұл жапырақтар орман ағаштарынан түскен жапырақтар. Мен сендер үшін жинап алып келдім. Мына	«Саңырауқұлақпен жидектер» Міндеттері: атауларын атауда дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету**.** Тақпақ жаттау Қорбаңдаған аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп - теріп аламыз, Қалтамызға саламыз.	«Бір немесе бірнеше» Міндеттері: Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату.



	жануарларды түстерін дұрыс таңдап бояу. **(Сурет салу)**	Кітаптар арқылы тану, атау. Олардың ерекеше белгілерін есте сақтау. Тақпақ жаттау. Тоқылдақтар тоқылдап Ешбір тыным көрмейді Ағашты қанша тессе де, Жұмысы бір өнбейді. **(тіл дамытужәне көркем әдебиет)**	суреттерге қараңдар. Бұл суретте шырша, қайың, үйеңкі ағаштары бейнеленген. Жапырақтарына назар аударып, сәйкесінше қойыңдар. Атауларын атап, қандай белгілері бар әңгімелейік.	**(тіл дамытужәне көркем әдебиет)**	Жануарлар, ағаштар, құстар және саңырауқұлақ пен жидектер суреттері арқылы жеке жұмыстар. қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу **(математика негіздері)**
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(тіл дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Шеңбер құрып сәлемдесу. Сәлем, деймін күнге мен Сәлем, деймін мен саған Сәлем, деймін апайға Қонақтарға, құстарға, Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау. «Орман дегеніміз не?», «орманда кімдер өмір сүреді деп ойлайсың?» тақырыбында әңгімелесу негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау жасату, ережелер туралы келісу және т. б. **(тіл дамыту)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* жан-жаққа баяу айналу. *Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру *Еңбектеу, өрмелеу.* Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). *Секіру.* Құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, Қимылды ойын: Шыбыққа қалпақ кигізу	**Музыка** «Орман» Міндеттері: Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету; Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* жан-жаққа баяу айналу. *Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойын: Өз түсіңді тап. Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын жетілдіру	**Қазақ тілі** Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз! Рақмет! кешірші, мен олай қайталамаймын, татуласыңдар, бірге ойнайық, алуға бола ма? Сөздерін күнделікті пайдалану дағдысын жетілдіру.	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* жан-жаққа баяу айналу. *Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру *Еңбектеу, өрмелеу.* Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойын: Ақ доп, қызыл доп

	Сергіту сәті «Ұзан құлақ сұр қоян.» Құрылыс заттарынан жануарларға үйшік құрастыру **(Құрастыру)**	Құстарды ауызша санау. Үлкен кіші салыстыру. Алыста жақында сөздерінің мағынасын түсіндіру. Құс ұяларын салыстыру. **(математика негіздері)**	 Ағаштардың суреттерін көрсетіп, атау. Балабақша ауласында қай ағашты көргендерін сұрау. Тербеледі ағаштар, Алдымен жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен боп өседі. Тақпақ жаттау. **(тіл дамытужәне көркем әдебиет)** Фланелеграф тақтасында ағаштарды жапсыру арқылы орман жасау. **(Жапсыру)**	«Жидектер» Міндеттері: жидектердің суретін таңдауы бойынша салу **(Сурет салу)**	Дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті бояулармен) дағдыларын қалыптастыру. Еркін тақырыпта шығармашылық жұмыс **(Сурет салу)**
2-ші таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. Тамақтану: таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Алғыс айту, ас қайыру.				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)**.				

Серуен	«Жас метеоролог» Бақылау. Мақсаты: Даладағы ауа райы қандай. Табиғатта қандай өзгерістер бар. Метоалаңнан желдің бар жоғын, жаңбыр жауғанын анықтау. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру; **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** Тақпақ жаттау Қорбаңдаған аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп - теріп аламыз, Қалтамызға саламыз. **(көркем әдебиет)** Қимылды ойын: «Өзара айырмашылығын тап»	Құстар Бақылау. Мақсаты: Балабақша ауласында ұшып жүрген құстарды бақылау негізінде зейінін, байқағыштығын дамыту. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**  Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық» Еңбек әрекеті Құстардың ұясын көрсету. Жем салу. Су құю. **Дидактикалық ойын**	Күн тәртібімен таныстыру арқылы тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, күндіз, кеш, түн**. (математика негіздері)** Балабақша ауласында өсетін ағаштарға күтім жасау. Жапырақтар теру, су құю. Құмыраға сәндеп салу. Балалардың дербес әрекеті дамыту, еркін ойындары **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** **Дидактикалық ойын** «Аулада»	Саңырауқұлақ пен жидектер Бақылау. Мақсаты: Балабақша ауласынан саңырауқұлақ пен жидектер іздеу. Бар болса теру, атау. Ауа райның ерекшеліктерін байқау. Күз мезгіліне тән құбылыстарды атауды үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: Поезд	Құрылыс материалдарынан орманға барар жол жасауды үйрету. **(Құрастыру)** Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: Сақина жасыру **Дидактикалық ойын** «Бип, бип, пыш»

	«Ертегіні ойнайық»				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** «Бауырсақ», «шалқан» және т.б ертегілерді оқып беру **(көркем әдебиет)** «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауын қалыптастыру.				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жануарлар» Міндеттері: олардың дене бөлшектерін атату. Жануарларды биіктігі бойынша салыстыру. **(математика негіздері)**  «Аю» Міндеттері: Алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы ермексаз кесектерін жаю дағдыларын пысықтау. Аюды мүсіндеу. **(Мүсіндеу)**	«Құстар» Міндеттері: Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөліну. Қалауы бойынша геометриялық пішіндер арқылы құстардың суреттерін салу, тұзды қамырды пайдаланып құс мүсініне ермексаз жапсыру. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерден құстарды жапсыру. **(Сурет салу)** **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)**	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету **(Құрастыру)** Дидактикалық ойын  	«Құлпынай мен қарақатты және т.б жидектерді салысыру». Міндеттері: Үлкен кіші сөздерін пайдалану. Бөліп себеттерге салу. Артығын тап дидактикалық ойыны. Карточкалардан бірдей жидектен артық жидекті табу. **(математика негіздері)** Элементтерді қарапайым біріктіру білігін жетілдіру. Саңырауқұлақты мүсіндеу, жапсыру **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)**	«Орман» туралы біз не білеміз. Міндеттері: Суреттер бойынша әңгімелеу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Жаттаған тақпақтарын еске түсіріп айту. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**
Балалармен жеке жұмыс	жүруде тепе-теңдікті сақтауды үйрету	сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтуға талпындыру	түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттейді және салыстыруын дағдыландыру	бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып және құрастыруды меңгерту	серуенде, сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін таныстыру

Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Серуен	Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу. Еркін ойындар Қ/о:Қоян мен қасқыр	Қ/о: Тырналар-тырналар **Дидактикалық ойын** **«Сыпайы өтініш»** *Ойынның мақсаты:* балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Балалар шеңберге тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек.	Мысықтың дауысын салу. Қ/о: Тышқандар мен мысық Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау.	Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. **(музыка)** Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу»	Ермаксаздан апта бойы жасаған жұмыстың ішінен ұнағанын жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. **(Мүсіндеу)** **(Жапсыру)** Қандай көкөніс пен жаместерді білетінін сұрау. Қ/о: «Не жедің, тауып айт»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).**				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Дайын жапсыру пішіндерінен жануарларды жапсыру. **(Жапсыру)**	Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстыру. **(құрастыру)**	«Жапырақтар» Міндеттері: Жапырақтарды салу, ермексаздан жасау әдістерін жетілдіру. **(Сурет салу) (Мүсіндеу)**	Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстыру. **(құрастыру)**	«Табиғат бұрышын мекендеушілерді» бақылау дағдыларын қалыптастыру. Орманмен салыстыру. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**
Балалардың үйге қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру				
	Балалармен орман туралы әңгімелесу.	Құстар туралы жаттаған тақпағын сұрау	Табиғи материалдардан орман жасауды ұсыну. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру	Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну.	Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.

Тексерген әдіскер: Н.Байходжаева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қазан айы 2025 жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 13.10.2025	Сейсенбі 14.10.2025	Сәрсенбі 15.10.2025	Бейсенбі 16.10.2025	Жұма 17.10.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнай көңіл белгілері арқылы көңіл күйін білдіру. Сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. **(тіл дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу. Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздерді қолдануы жөнінде сауалнама алу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап» Қай әлемге барғың келеді таңда Жануарлар ортасы Өсімдіктер әлемі Жәндіктер әлемі **Балармен жеке жұмыс.**    				
	«Үй жануарлары» Міндеттері: жайлы суреттер көрсету, әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту,байланыстырып тіл үйрету. **(тіл дамыту)**	Міндеттері: Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту.	Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта **(сурет салу және жапсыру)** жұмыстары Дидактикалық ойын «Не істеу керек, табамыз?»	Өзінің үйіндегі сүйікті жануардың суретін салу немесе ермексаздан жасауды меңгерту **(сурет салу, мүсіндеу).**	«Үй жануарларының дауысы арқылы тану». Міндеттері:Топтағы ойыншықтарын табу, сипаттау. Не білетіндерін әңгімелеу. Өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. **(тіл дамыту,**

					көркем әдебиет)
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Бес саусақ» өлеңі Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы Ортан терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары (көркем әдебиет) «Үй жануарлары» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(тіл дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене тәрбиесі** <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> *Жүру.* Еденге қойылған заттардан аттап жүру *Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып,	**Музыка** «Үй жануарлары» Міндеттері: ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдауды дамыту. Бірінің артынан бірі	**Дене тәрбиесі** <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> *Жүру.* Еденге қойылған заттардан аттап жүру *Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті сақтай отырып,	**Қазақ тілі** Күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздер: Балабақша, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы	**Дене тәрбиесі** <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> *Жүру.* Еденге қойылған заттардан аттап жүру *Тепе-теңдікті сақтау.* Тепе-теңдікті

	тура жолмен жүру. *Секіру.* 15-20 сантиметр биіктіктен секіру *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. <u>Қимылды ойын:</u> Қоян мен қасқыр	жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; Балаларды музыкалық аспап сылдырмақпен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру.	тура жолмен жүру. *Жүгіру.* тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. <u>Қимылды ойын:</u> Күміс алу <u>Спорттық жаттығулар:</u> Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу. Спорт залда		сақтай отырып, тура жолмен жүру. *Жүгіру.* тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. <u>Қимылды ойын:</u> Торғайлар мен автомобиль
	«Жеті лақ» Мақсаты: ертегіні оқып беру. Міндеттері: (үстел үсті театры) кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу **(көркем әдебиет)** Міндеттері:Карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан үй жануарларын	«Үй жануарларының төлдері» Мақсаты: Үй жануарларының төлдерін атауды үйрету Міндеттері: Оларды сипаттауды үйрету. **(тіл дамыту)** Балалардың қалауы бойынша үй	«Үй жануарларының қорасын жасау» **(мүсіндеу)**	«Менің үй жануардан досым тақырыбында әңгімелесу». Міндеттері: Үйдегі мысығы немесе күшігін сипаттап тіл үйрету **(тіл дамыту)**	«Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру». Мақсаты: Үй жануары атты көлік құралы ретінде пайдаланатыны туралы түсінік беру. Суреттер тамашалау. Ойыншық аттарды салыстыру. Дене мүшелерін атау.

	құрастыру. **(құрастыру)**	жануарлары тақырыбында геометриялық пішіндерден сурет салғызу, ермек саздан мүсінін жасау арқылы дөңгелек мүсіндерден құрастырып жасату, пішіндерден үй жануарын жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**			Солдан оңға қарай орналастыру. **(қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері)** Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау.
2-ші таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. Тамақтану: таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Алғыс айту, ас қайыру.				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Серуен	Дәстүрден тыс әдіспен үй жануарларын бояу **(сурет салу)** «Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар	Балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту. Еңбек. Мақсаты:	Үй жануарлары Бақылау. Балабақшаны мекендейтін үй жануарлары туралы	«Салыстыру» Міндеттері: Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей жапырақтарды	Ағаштардың түскен бұтақтарын жинап, жануарларға қора құрастыруды үйрету. **(құрастыру)**

	Дене тәрбиесі	**Негізгі қимылдар:** *Жүру.* Әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру. *Тепе-теңдікті сақтау.* Арқан бойымен жүру, тура жолмен қырлы тақтайдың бойымен жүру. *Жүгіру.* Алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; *Домалату, лақтыру, қағып алу.* оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) *Еңбектеу, өрмелеу.* Еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның,доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; *Секіру.* 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру **Ырғақтық жаттығулар.** Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. **Жалпы дамытушы жаттығулар** *Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:* заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. *Кеудеге арналған жаттығулар:* аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптанбұрылып,

		етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). *Аяққа арналған жаттығулар:* аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; **Қимылды ойындар** Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. **Дербес қимыл белсенділігі**. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар,шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын,ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. **Спорттық жаттығулар:** Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау. **Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларынқалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды,қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс

		қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. **Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.** Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтардыбайқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. **Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.** Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. **Сауықтыру-шынықтыру шаралары**: Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.
	Тіл дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту **Сөздік қор.** заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** зат есімдерді, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. **Байланыстырып сөйлеу.** мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
	Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды,

		кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.
	Қазақ тілі	**Тілдік дамытушы орта.** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту **Сөздік қор.** Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. **Тілдің грамматикалық құрылымы.** Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел,айт). **Байланыстырып сөйлеу.** Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.
	Математика негіздері	**Сан.** қоршаған ортадан бір немесе бірнешебірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап беруін қалыптастыру **Шама.** Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттардысалыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпышамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдеріарқылы салыстыруды үйрету **Геометриялық пішіндер** Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. **Кеңістікте бағдарлау** Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында меңгерту **Уақытты бағдарлау.** Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.
	Сурет салу	Дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеуді. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып,

		ағызып жіберіп бояуды үйрету. Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды үйреу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Жапсыру	Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдануды. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдануды үйрету.
	Құрастыру	Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
	Музыка	**Музыка тыңдау** Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. **Ән айту.** Сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтауды пысықтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындауды меңгерту. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.** Музыкалық аспап металлафонмен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру. Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.

	Қоршаған әлеммен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі.** Ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. **Заттық әлем.** Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. **Көлік, байланыс құралдары.** Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. **Еңбекке баулу.** Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойынәрекетіне ынталандыру. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие.** Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аудару **Менің Отаным – Қазақстан.** Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. **Өсімдіктер әлемі.** Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру **Жануарлар әлемі.** Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру,табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.** Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеуді үйрету. **Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау** серуенде (жолға шықпау) ойын алаңында сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру

Бекітемін:
«Дінислам нұры» бөбекжай балабақшасы
Балабақша меңгерушісі

Мектепке дейінгі ұйым «Дінислам нұры»
Ортаңғы топ 3 жастағы балалар
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 – 2026 жылына арналған
Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2025жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 01.09.2025	Сейсенбі 02.09.2025	Сәрсенбі 03.09.2025	Бейсенбі 04.09.2025	Жұма 05.09.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(тіл дамыту).**				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Балалардың балабақшаға тез бейімделу жағдайларын талқылау. «Апта дәйексөздері» тақтасымен таныстыру, балалармен әңгімелесуін ұсыну. Күш — білімде, білім — кітапта.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Суреттерді орналастыру» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, **Балармен жеке жұмыс.** Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата». Мақсаты: Ғажайып қоржынан алған заттарын танып, атай білуге үйрету. Табиғат бұрышындағы еңбекті бақылау (бөлме өсімдіктеріне күтім жасауға көмектесуін жетілдіру)				
		«Менің досым» Мақсаты: Дос болу сезімін дамыту үшін топқа қонақ боп келген Жанель қуыршақты таныстыру. Ол өзімен ертіп келген достарын таныстыру. Міндеттері: Достарының есімдерін.	«Біздің топ» Мақсаты:Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды көрсету. Міндеттері:Оларды атап, не үшін қолданылатынын әңгімелеуді дамыту. Топтағы заттарды	«Қуыршақ» Мақсаты:Дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету**.** Міндеттері: Топтағы қуыршақтармен еркін ойындар **(тіл дамыту)** Қуыршақтың сүйікті	«Кітаптар» Мақсаты:Сүйікті қуыршақтарымызбен бірге кітаптар қарайық. Міндеттері: Кітаптан көргенімізді қуыршақтарымызға айтып берейік деп қызығушылығын

		сұрап, балаларға өз есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарын таныту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойын ойнау негізінде достық сезімдерін дамыту. Жанельдің достарына қалаулары бойынша сурет салып беру, арқылы немесе мүсін жасау арқылы жеке қарандашты , ермек сазды қолдану қабылеттерін қалыптастыру **(тіл дамыту) (Сурет салу) (Мүсіндеу)**	салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту **(тіл дамыту) (Қоршаған әлеммен таныстыру) (математика негіздері)**	ойыншығы доп екен. Бізде доппен ойнай аламыз ба деп доппен ойындар ойнату.Сосын доптың суретін салып, мүсінін жасауын , тақтаға жапсыруын ұйымдастыру. Қол қимылын дамытуға жағдай жасау **(Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)**	жетілдіру **(көркем әдебиет) (тіл дамыту)**
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(тіл дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз.				

	Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау. «Ойыншық қайдан келеді?» тақырыбында әңгімелесі негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау жасату, ережелер туралы келісу және т. б. **(тіл дамыту)**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер		**Музыка** «Менің достарым» Міндеттері: түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауын қалыптастыру; Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; *Жүгіру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүгіру; *Еңбектеу, өрмелеу.* Заттардың арасымен еңбектеу *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру Қимылды ойын: Ақ доп, қызыл доп Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру	**Қазақ тілі** «Менің достарым» Міндеттері: Достары жайлы суреттер арқылы әңгімелесу. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) *Секіру.* 2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып , құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру Қимылды ойын: Сақина жасыру
		«Балабақша - жайлы мекен» Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен	«Әже» Топқа әже қонаққа келеді? Балалардан қонаққа кім келгенін	Қуыршағымыз демалысын, оған арнап кереует құрастырып берейік.	«Жол және орындық» Құрылыс материалдарынан жол және орындық

		бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау  **Қауіпсіздік ережелері.** Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. 	сұрау. Сәлемдесу өз әжелерінің есімін атау, әже қандай адамі туралы әңгімелеп беруін сұрау негізінде сөйлеуін қалыптастыру**.** Ойыншық туралы жаттаған тақпағын айтып, әжеден сыйлық алып құану сезіміне бөленуіне жағдай жасау **(көркем әдебиет) (тіл дамыту)** Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру, салыстыру бойынша санау қабылеттерін дамыту **(математика негіздері)**	**(Құрастыру)** «Ұшқыр ой алаңы» жобасы «Тілім менің тірегім» Ойыншықтар жайлы өлең жаттау Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ. *М.Әлімбаев* **(көркем әдебиет)**	жасауды үйрету. **(Құрастыру)** **«Smart bala» жобасы** **«Достық көмек» дидактикалық ойын** *Ойынның мақсаты:* балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу. Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды

2-ші таңғы ас	Гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Тамақтану:өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, соңынан алғыс айту.				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)**.				
Серуен		«Ойыншықтар» жайлы өлең қайталау. Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Ақыл айтсақ, бұйырсақ. *М.Әлімбаев* **(көркем әдебиет)** Бақылау. Мақсаты:Ағаштарды бақылау, ауа райының өзгеруін бақылау негізінде зейінін, байқағыштығын дамыту Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық»	Бақылау. Мақсаты: Әжеге балабақша ауласын көрсетіп таныстыру, қайда немен айналысатындары туралы айтып беруіне жағдай жасау. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** Фланелеграф тақтасында балалардың еркін әрекеттерін ұйымдастыру. **(Жапсыру)** Еңбек. Мақсаты: Жапырақтар теру, құмыраға сәндеп салу. Әжегеде сыйға беру. Балалардың дербес	Серуенде аулада орналасқан ойын құралдарын атап әңгімелеуін қалыптастыру. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** Бақылау. Мақсаты:Ауа райның ерекшеліктерін байқау. Күз мезгіліне тән құбылыстарды атауды үйрету. Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: Поезд Ұлттық ойын. «Ханталапай»	Бірге ән айтып, би билеп көңілді жүру жағдайын жасау. **(музыка)** Зерттеу. Мақсаты:Ағаштарды бақылау, ауа райының өзгеруін бақылау негізінде зейінін, байқағыштығын дамыту **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: Сақина жасыру Ұлттық ойын. «Асық ойыны»

			әрекеті дамыту, еркін ойындары		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қазақ халық ертегілерін оқып беру **(көркем әдебиет)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)		Шығармашылық әрекеттер. Мақсаты: Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, тұзды қамырды пайдаланып мүсін жасау. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерді тізбектеп жапсыру. **(Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)**	«Қоралар» Міндеттері: Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қоралады жасауды үйрету **(Құрастыру)**	Ойын. «Таны ата» Мақсаты: Ол зат қандай сұрағына жауап беруін қалыптастыру. **(математика негіздері)**	Шығармашылық әрекеттер. Мақсаты:Қандай суретті бояймыздеп балаларға қалауы бойынша таңдаған жемісті бояту, ермак саздан жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. **(Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс		сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолдануды үйрету	түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстыруды дамыту	мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдалануды жетілдіру	қазақ халқының тұрмыстық заттарын атауға үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)**.				
Серуен		Қ/о: Тырналар-тырналар	Мысықтың дауысын салу. Қ/о: Тышқандар мен мысық	Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу»	Қандай көкөніс пен жеместерді білетінін сұрау. Қ/о: «Не жедің, тауып айт»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)		Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар орындық т.б **(құрастыру)** 	«Мерекелік әсем шарлар» Шығармашылық әрекеттер. Мақсаты: Өнер орталығында суретін салу, мүсінін ермексаздан жасауды жетілдіру **(Сурет салу) (Мүсіндеу)**	«Ойыншық» Міндеттері: ойыншық туралы жаттаған тақпақтарды айтқызу арқылы есте сақтауын дамыту. **(көркем әдебиет)**	«Артығын тап» дидактикалық ойын. Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату **(математика негіздері)**
Балалардың үйіне қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру				
	Балалардың сүйіктігі ойыншығы туралы әңгімелесу.	Топқа ойыншық алмасу сөресін жасауды ақылдасу	Табиғи материалдардан ойыншық жасауды ұсыну.	Үйде баламен доппен ойнауды ұсыну.	Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.

Тексерген әдіскер: Н.Байходжаева


Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2025жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 08.09.2025	Сейсенбі 09.09.2025	Сәрсенбі 10.09.2025	Бейсенбі 11.09.2025	Жұма 12.09.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балалардың тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, одан өз отбасы жайлы айтып беруге тарту **(тіл дамыту).** **«Апта дәйексөздері» тақтасында жазылған «**Әдептілік белгісі –иіліп сәлем бергені» түсіндіру.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарау. **Балармен жеке жұмыс.** Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау. Оларды сипаттауды үйрету. **(тіл дамыту)**				
	«Отбасы» суретін көрсету. Міндеттері: Суретте не бейнеленген? -Суреттегі отбасы мүшелерін атуын? - Ата, әже, әке, апа, іні, қарындас -суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп	Шығармашылық әрекеттер. «Әжемнің кәмпиттері» Міндеттері: Балалардың қалауы бойынша домалақ кәмпиттер суретін салғызу, ермексаздан әже ауылындағы құрт	Отбасы бейнеленген кітаптарды қарату. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы жайлы түсінігін қалыптастыру. **(тіл дамыту)**	«Анаға сыйлық» Міндеттері: сыйлық жасауға ынталандырып сипаттап тіл үйрету. Балалардан аналары не жақсы көретінін сұрау Өз қолдарымен сыйлық жасату.	«Ата мен әже» Міндеттері: олардың суреттін қарау. Олар туралы не білетіндерін айтқызу. «Бес саусақ» өлеңін айтқызу Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем,

	отырғандығы жайлы әңгімелету негізінде сөздік қорын кеңейту,байланысты рып тіл үйрету. «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнау негізінде сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуін дамыту. **(көркем әдебиет) (тіл дамыту)**	мүсінін жасау арқылы дөңгелек мүсінді жасату, Дастархан бетіне домалақ бауырсақтарды жапсырып орналастыру жұмыстарын жасауды үйрету. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**	 Құрылыс орталығында жануарлар отбасына үйшік құрастыруды меңгерту. **(құрастыру)**	Балалардың таңдауы бойынша орталықтарға бөлініп табиғи материалдардан қолға тағатын моншақ тізбегін жасауды үйрету. Гүлдер (немесе басқа заттарды) суретін саусақпен салуды үйрету. Қағаздан жасалған гүл себетіне ұсақ гүлдерді жапсыруды үйрету. **(жапсыру) (сурет салу) (тіл дамыту)**	ошақ анасы Ортан терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары **(тіл дамыту, көркем әдебиет)**
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Достарым көп бақшада (шеңберге тұру) Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып)				

	Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию) Бірге күліп жүреміз «Менің отбасым», «Менің анам және әкем», «Мен аға әпкем, іні қарындасым» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(тіл дамыту)**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру *Тепе-теңдікті сақтау.* Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. *Еңбектеу, өрмелеу.* еденге қойылған тақтай бойымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* бір-бірінің жанына сапқа тұру Қимылды ойын: Поезд	**Музыка** «Менің отбасым» Міндеттері: Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету Балаларды музыкалық аспап қоңыраумен таныстыру, оның дыбысталуымен таныстыру.	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру *Тепе-теңдікті сақтау.* Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. *Еңбектеу, өрмелеу.* Заттардың арасымен еңбектеу, арқанның,доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; Қимылды ойын: Қуыр-қуыр қуырмаш.	**Қазақ тілі** «Отбасы» суретін көрсету. Міндеттері: Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау. Тәрбиеші көмекшісімен бірге рөлдік ойын ойнау. Балалардың бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуде дамыту	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру *Жүгіру.* сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру; *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) Қимылды ойын: Құстардың ұшып келуі

			Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын жетілдіру		
	«Бір кітап» акциясы аясында балалардың үйден алып келген кітаптарын сөреге қойып, топтағы кітап орталығын жасау.	Құрастыру материалдарынан әр түрлі құрылымдар құрастыруды дамыту. **(құрастыру)** **«Smart bala» жобасы**	«Анасының көмекшілері» айдарымен аспаздық әрекеттерді тұзды қамырды домалақтап, алақан арасында басу арқылы күлше жасатуды үйрету. **(мүсіндеу)**	«Кітап – менің қазынам» кітап орталығында кітап қарау мәдениетін меңгерту.	«Жас тыңдарман» жобалары аясындаға балалар кітапханасының жұмысы. Балалардың таңдауы бойынша кітаптар оқып беру.
2-ші таңғы ас	Гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Тамақтану:өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, соңынан алғыс айту.				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	«Отбасымызбен тұратын үйшік» Міндеттері: бормен салуды үйрету. **(сурет салу)**	Нешеуміз? тақпағын таныстырып мазмұнын айтуға талпындыру Бір үйде біз	«Мен көмекші боламын» Міндеттері: Мен көмекші боламын айдарымен аулада	Еңбек. Мақсаты: Аналарға арналған сыйлықтарды жасау үшін табиғи	«Бақша ауласындағы ағаштар мен гүлдер» Міндеттері: Бақылау, оларды бір бірімен салыстыру, санау

	«Күз мезгілінің ерекшеліктері» Міндеттері: назар аударту. Жел соғып тұр, далада салқын деген ұғымдарды түсінуін жетілдіру. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Еркін ойындар 	нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым –әкем Балалы үйрек-анам. Ортан терек –ағам Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек –сен Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. *І.Шүғаев* **(көркем әбедиет)** Бақылау. Мақсаты: Гүлдердің құрағанын сарғайғанын көрсету және сипаттауды меңгерту **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер	тазалық жұмыстарын орындауға қатыстыру және аула сыпырушысының еңбегімен танысуға жағдай жасау. Айналадағы тазалықты байқап айтуын дамыту. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Еркін ойындар.	материалдарды жинау. «Нешеуміз?» Міндеттері: тақпағын жаттауды пысықтау **(көркем әбедиет)** «жапырақтар» Міндеттері: Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей жапырақтарды салыстыру, жапырақтардың қай ағаштар түскенін атауын үйрету. **(қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері)** Еркін ойындар	қабылетін дамыту. **(қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері)** Еңбек. Ағаштардың түскен бұтақтарын жинап, жануарларға қора құрастыруды үйрету. **(құрастыру)** Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету.				

	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Электронды кітаптан ертегі қойып беру **(көркем әрекет)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын менгеру (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	«Аналарымызға арналған моншақ» Міндеттері: моншақ жасайық деп ермексазды алақан арасында жұмырлап дөңгелектеп моншақ жасауды жетілдіру. Домалақтарды бір біріне біріктіріп ұзын түрлі түсті моншақ жасату. Жасаған моншағымыздағы домалақтарды салыстырайықшы, қане қайсысы үлкен, қайсысы кіші. Дидактикалық ойын	«Шама» Міндеттері: Ана әке бала қуыршақтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. **(Математика негіздері)** Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер	«Нешеуміз?» Міндеттері: тақпақты қайталап айтуын ұйымдастыру **(көркем әдебиет)** **«Досыңды тауып ал» дидактикалық ойын** *Ойынның мақсаты:* достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің	Әндер мен тақпақтар және билерді қайталау. **(көркем әдебиет, музыка)** Еркін іс әрекеттер	«Тақия» Міндеттері: Балалардың қалауы бойынша аталарға арнап тақия суретін бояуын ұйымдастыру, қарандашты дұрыс ұстауын дамыту. Түрлі түсті ермексаздан моншақ (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншақ бөлшектерін жапсырып, моншақ тізу. **(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** Еркін іс әрекеттер

	«артық пішінді тап» **(математика негіздері) (Мүсіндеу)** Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер		ішінде жүруді ұсынады және көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдермен алмасады		
Балалармен жеке жұмыс	Негізгі қимыл түрлерін пысықтау	кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруін қалыптастыру	қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерту	мүсіндейтін заттарды зерттеуді үйрету	жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін үйрету
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	Қ/о «Ақ доп, қызыл доп» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер **ТӘРТІП САҚТАП ЖҮРЕМІН** Көше жаққа бармаймын, Таса жерде қалмаймын. Ойнау үшін арнайы	Қ/О «Поезд» Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету.	«Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау **(Математика негіздері)** Қ/О «Допты дәлдеп	Қ/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар.

	Орындарды таңдаймын. Өзенде де, тауда да, Саябақта, аулада Тәртіп сақтап жүреді Шымыр, дені сау бала. *Қ.Шағыр* **Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.**		лақтыр»		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Еңбек. Мақсаты:Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту.	Тақпақтарын қайталау. Би үйрену. **(көркем әдебиет, музыка)**	Шығармашылық әрекеттер. Мақсаты: Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта сурет және жапсыру жұмыстарын ұйымдастыру	Шығармашылық әрекеттер. Мақсаты: Аналарға берілетін сыйлықтарын аяқтау жұмыстарын ұйымдастыру. Екінші топқа ермексаздан торт жасауды меңгерту (**мүсіндеу).**	Нешеуміз? Тақпағын қайталап пысықтау **(көркем әдебиет)**
Балалардың үйіне қайтуы	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру				
	Отбасылық сурет беріп жіберуін сұрау.	Отбасында қандай ойындар ойнауға болады кеңес беру.	Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау.	Ата әжесінің суреттерін беріп жіберуін өтіну	Іс шарадан алған әсерлерін сұрау.

Тексерген әдіскер: Н.Байходжаева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2025жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 15.09.2025	Сейсенбі 16.09.2025	Сәрсенбі 17.09.2025	Бейсенбі 18.09.2025	Жұма 19.09.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(тіл дамыту).** «Апта дәйексөздері» Отан отбасынан басталады.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күзгі ауа райына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Қуыршақ қонаққа дайындалуда», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. **Балармен жеке жұмыс.**				
	«Бауырсақ» Міндеттері: Кітаптар арасынан «Бауырсақ» ертегісінің кітабын табу ондағы суреттерге қарап ертегі айту дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету. **(көркем әдебиет)**	«Бауырсақ» Міндеттері: Қонаққа бауырсақ келуін ұйымдастырумен балалардан өзі туралы не білетінін сұрау, жауап табуды үйрету Бауырсаққа арнап білетін тақпақтары мен әндерін айтып, музыкаға би белеуін ұйымдастыру.	«Үйшік» Міндеттері: Шағын үйшік салуды үйрету Құрастыру материалдарынан үйшік жасауға көмектесу. **«Smart bala» жобасы (құрастыру) (сурет салу)**	Дидкатикалық ойын «қай ертегіден» арқылы суреттерді көрсетіп қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салысытыру, санау **(математика негіздері) (көркем әдебиет)** Міндеттері:	«Ойыншықтар жәрмеңкесі» Міндеттері: жәрмеңке ұйымдастырып, әр түрлі ойыншықтарды алып ойнан ертегі құрастыру дағдысын дамыту. Жануарлардың қимылы мен дауыстарын салу қабылеттерін жетілдіру.

		Қимылды ойын ойнату. **(тіл дамыту, көркем әдебиет, музыка)**		Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстар. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)**	Біртекті ойыншықтардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. **(математика негіздері) (көркем әдебиет)**
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Ерте тұрып күнде мен Терезені ашамын -Сәлем!,-деймін күнге мен Шаттық әнге саламын -Қайырлы таң апашым! деймін келіп апама Қайырлы таң аташым! деймін келіп атама Қайырлы таң, достарым! деймін келіп досыма, осындай жақсы көңіл күйде әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге				

	жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(тіл дамыту)**				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) *Секіру.* 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру Қимылды ойын: «Допты дәлдеп лақтыр»	**Музыка** «Ертегілер елінде» Міндеттері: түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) *Еңбектеу, өрмелеу.* Заттардың арасымен еңбектеу *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру Қимылды ойын: Құстардың ұшып келуі Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын жетілдіру	**Қазақ тілі** «Бауырсақ» Міндеттері: Ертегіні үстел үсті кейіпкерлері айтып беруіне үйрету. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) *Секіру.* 2-3 метр қашықтыққа алға қарайжылжып, құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттардың арасымен секіру *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру Қимылды ойын: Сақина жасыру

	Балаларға бүгін қуыршақ театрын тамашалайтынымызды хабарлап «Бауырсақ ертегісі» желісі бойынша айтылған әнді қайталап айтқызу, ертегі туралы пікірлерін сұрау. **(тіл дамыту)**	**Дидактикалық ойын «Құпия заттар»** *Ойынның мақсаты:* қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету. Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншақ, сағат) «құпия заттарды» таратады, оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін ойынға қатысушылар бөлмені аралап жүреді, олар қызығушылық танытып, бір-бірін құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың	«Үш торай» мульфилімін тамашалау. Балалардың ойын тыңдау арқылы сөйлеуін дамыту. **(тіл дамыту)**	Сюжетті-рөлдік ойын «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	Ойыншықтарға арнап әр түрлі заттар құрастыру **(құрастыру) «Smart bala» жобасы**

		басқалармен ортақ тіл табысуына көмектеседі.			
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Бақылау. Мақсаты: Балабақша ауласында өсетін көкөніс пен жемістерді қарау, бақылау. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** «Бауырсақ» Міндеттері: Ұжымдық сурет салу. Үлкен табақ бетіне бауырсақты салдырту. **(сурет салу)** Еркін ойындар	Бақылау. Мақсаты: балабақша ауласын сипаттап, ауа райы туралы айтып беру. **(қоршаған әлеммен танысу)** «Бауырсақ» Міндеттері: Ермексаздан бауырсақ жасап көрсету, бормен бауырсақтың суретін салуды ұйымдастыру **(мүсіндеу, сурет салу)** Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» Бауырсақ қоштасып, ертегілер еліне қайтады.	Үш торайдың іс әрекеттерін қайталау. Дыбыстарын салу. Кітаптан ертегіні қарау. **(көркем әдебиет)** Еңбек. Мақсаты: Балабақша ауласынан табиғи заттарды тауып, ертегідегідей үй жасауға қолдану. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Балалардың дербес әрекеттері	Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар **(құрастыру)** Еңбек. Мақсаты: Аула сыпырушыға балабақша ауласын тазартуда көмек беру. Балалардың дербес әрекеттері **Қауіпсіздік ережелері.** Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау.	Бақылау, еңбек. Мақсаты: Балабақша аумағын мекендейтін тірі табиғат нысандарымен танысу. Оларға қамқорлық таныту әдістерін таныстыру. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Еркін ойындар
2-ші таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру.Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды,				

	тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)		«Шалқан» Міндеттері: ертегісін қайталап оқып беру, балалардың кітаптағы суреттерге қарап	Ұжымдық жұмыс. Жылы жаққа ұшып бара жатқан құстарды бір біреуден реттілікпен жапсырту. **(Жапсыру)**	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Кітаптарға қарап әр түрлі кейіпкердің (бауырсақ) бейнесін	«Кілемшені сәндеу». Міндеттері: Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен

		қайталап айтуын үйрету. **(Көркем әдебиет)** Балалардың көздерін байлап, қолдарына бір зат беру. Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** Дидактикалық ойын «Дәл осындай пішінді тап»	Ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһазды таңдауы бойынша ерекше белгілерін бере отырып ермексаздан мүсіндету. **(Мүсіндеу)**	салу, мүсінін жасауды және жапсыруды үйрету. **(Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)**	орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасауды, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыруды үйрету. **(Жапсыру)** «Ұсқынсыз үйрекке ұя жасау». Міндеттері: Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **(Құрастыру)**
Балалармен жеке жұмыс		меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануды дағдыландыру	көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды меңгерту	қаламды дұрыс ұстап, тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізуді меңгерту	Жануарлардың дене бөліктерін ажыратуын пысықтау
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуді тәрбиелеу. өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын дамыту.				

	Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен		көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасату арқылы көңіл күйлерін көтеру **(музыка)** Қ/о «Тырналар»	Қ/о «Поезд» «Жасырылған затты тап сипатта» тапсырмаларын орындату	Қ/о «Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру	Далаға шығып сәлден соң қарңғы болатынын айту. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. **(Математика негіздері)** Қ/о «Тырналар» Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)		**Қимылды ойын:** «Өз үйіңді жылдам тап» Балалардың қалуы бойынша еркін ойындар	Міндеттері:Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы	**Дидактикалық ойын «Ата мен әжеге көмектес»** Міндеттері: балаларды еңбекқорлыққа, қол ұшын беруге, мейірімділікке, жанашырлыққа тәрбиелеу. Педагог екі баланы	Ұлттық бұрышқа бару. Әдемі кілемдер мен көрпешелерге назар аударту. Мольбертте салып көруді ұсыну. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін

			сөздермен байыту. Өзара ойындарда сұрақтар қоюды. Кітаптар қарауды дамыту. **(Тіл дамыту, көркем әдебиет)**	шақырады. Кім тезірек шашылған заттарды жинауға көмектеседі? Бір бала атаның үстелін реттеуге көмектеседі, ол кітаптарды қатарлап жинайды, газетті бөлек қояды, еденнен көзілдірікті алады. Ал екіншісі себетке жіп орамдарын жинайды, әженің орамалын көтеріп, орындыққа іліп қояды.	қайталап салуға баулу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. **(Сурет салу)**
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен баланың балабақшадағы кітаптары туралы әңгімелесу. Жаттаған тақпақтарын үйде сұрауын тапсыру. Ата-аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру				


Тексерген әдіскер: Н.Байходжаева



Мектепке дейінгі ұйым «Дінислам нұры»
Ортаңғы топ 3 жастағы балалар
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2025 – 2026 жылына арналған
Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қараша айы 2025 жыл 1 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 03.11.2025	Сейсенбі 04.11.2025	Сәрсенбі 05.11.2025	Бейсенбі 06.11.2025	Жұма 07.11.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. Балаларға жаңадан жасалған әдебиет орталығындағы жаңа кітаптар мен суретті альбомдарды көрсетіп оларды тамашалауына жағдай жасап әңгімелесу. **(тіл дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, тазалығы дәне денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті пазлдармен ойын, Дидактикалық ойын «Танып ал да, атын ата»,«Суреттерді орналастыру», «Дауысынан таны», «Бұл кімнің дауысы?» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту, Қарапайым құрылыстар құрастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.**Балармен жеке жұмыс.** Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету.Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.				
	Видео материал көру Денсаулық дегеніміз не? «тазалық деген не?» сұрағына балалардың жауап беруін жетілдіру. Міндеттері: Ересектердің сөзін тыңдау және	«Кірқоймас» Міндеттері: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну**.** «Кірқоймас» мультфилімін	«Менің бөлмем» тақырыбында әңгімелесу. Міндеттері: Үйде қандай тазалық жұмыстарын жасайды. Сөйлеу әдебінің тиісті	«Денсаулыққа пайдалы дәрумендерді қайдан алуға болады?» Міндеттері: Ересектермен диалог құру, берілген	«Тазалық құралдары» Міндеттері: Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе?

	түсінуін жетілдіру **(тіл дамыту)**  Салынған тазалық құралдары, сүлгі, тарақ, тіс щеткасының түстерін дұрыс таңдап бояу. **(Сурет салу)**	тамашалау. **(тіл дамытужәне көркем әдебиет)**	формаларындұрыс қолдануды үйрету **(тіл дамытужәне көркем әдебиет)**	сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту. **(тіл дамытужәне көркем әдебиет)** 	деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату. Тазалық құралдары жеке басқа, үйге арналған суреттері арқылы жеке жұмыстарды орындату. **(математика негіздері)**
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; сақ болуға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктерді беру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру. **(тіл дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Бала бала балақан» видео Балалардың қандай ойындар ойнағысы келетінін айтып бөлісуіне жағдай жасау. «Тазалық денсаулық кепілі», «Тазалық деген не?», «Денсаулық деген не?» тақырыбында әңгімелесу негізінде балалардың қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату жасату, ережелер туралы келісу және т. б. **(тіл дамыту)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру *Тепе-теңдікті сақтау.* Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. *Еңбектеу, өрмелеу.* саты бойымен өрмелеу *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Қимылды ойын: Өз түсіңді тап.	**Музыка** «Тазалық» Міндеттері: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету Музыкалық аспапты ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру *Тепе-теңдікті сақтау.* Бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. *Секіру.* Сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Қимылды ойын: Ақ доп, қызыл доп Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті	**Қазақ тілі** Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту жатығуларын жасату.	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру *Жүгіру.* Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Қимылды ойын: Поезд

			тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу. Спорт залда		
	Құрылыс заттарынан жуынатын бөлме құрастыру **(Құрастыру)** Дидактикалық ойындар «Кеңістік»	Тазалық Мақсаты: тазалық құралдарын ауызша санау. Үлкен кіші екенін салыстыру. Міндеттері:Алыста жақында сөздерінің мағынасын түсіндіру. Салыстыруды ұйымдастыру. **(математика негіздері)** Дидактикалық ойындар «Жоғарыда – төменде»	Фланелеграф тақтасына үйдің тазалығына қолданатын заттарды тауып жапсырту. **(Жапсыру)** Дидактикалық ойындар «Оң және сол»	Дәруменге бай көкөністердің суретін таңдауы бойынша салдырту **(Сурет салу)** Дидактикалық ойындар «Танып ал да, атын ата»	Дәстүрден тыс сурет салу негізінде (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті бояулармен) таңбалап салу дағдыларын қалыптастыру. Еркін тақырыпта шығармашылық жұмыс жасату **(Сурет салу)** Дидактикалық ойындар «Тәулік бөліктері»
2-ші таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Серуенге дайындық	Балалардың ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. топта (терезенің алдына шықпау, розеткалардыұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ**				

	мотористаны дамыту).				
	Бақылау. Мақсаты: Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық), табиғата маусымдық құбылыстарын бақылату күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** **Тазалықтың досы** Тақпағын жаттау. Сылдырлайды мөлдір су,Мөлдір суға қолың жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың.Тазалықтың досы - Су дегенің осы. **(көркем әдебиет)** Балалардың дербес әрекетін дамытатын «Өзара	Бақылау. Мақсаты: Аулада өсіп тұрған шырша мен басқа ағаштарға назар аударту. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** Қимылды ойын: «Үйдің есігін жабайық» Зерттеу Балабақша ауласында қай кезде көлеңке болады. Көлеңкені қалай жасаймыз. Көлеңкемен ойындар	Күн тәртібімен таныстыру арқылы тәулік бөліктерін тану және атату - таңертең, күндіз, кеш, түн**.** **(математика негіздері)** Бақылау. Мақсаты: Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Балабақшаға жақын маңдағы үй жануарларын тамашалату. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** Балалардың дербес әрекеті дамыту, еркін ойындары	Бақылау. Мақсаты: Балабақша ауласында өсетін ағаштардың денсаулыққа қандай пайдасы бар екенін түсіндіру. Ағаштарға күтімді қалай жасау керектігі туралы әңгімелесу **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** «Қоғамдық мүлікті қорға» балабақша ауласындағы заттарға қамқорлықпен қарап, күтіп ұстау. Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Поезд» Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар	Табиғи материалдардан орманға барар жол жасауды үйрету. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **(Құрастыру)** «Спорт денсаулық кепілі» екенін түсіндіру. Спорттық ойындар ойнату. Балалардың дербес әрекеті. Ұлттық ойын: «Сақина жасыру» Еңбек. Балабақша ауласында жатқан жапырақтар мен бұтақтарды жинау, аула сыпырушыға көмектесу

	айырмашылығын тап»қимылды ойынын ойнату			құрстырту. **(құрастыру)**	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Қазақ халық ертегілерін және т.б ертегілерді оқып беру **(көркем әдебиет)** «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотормканы дамыту)**				
Бесін ас	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау)				

	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеттері: Топтағы тарақтарды ұзындығы мен ені бойынша салысытыру. «Артығын тап» дидкатикалық ойынын ойнату. **(математика негіздері)** Жуынатын бөлме суретіне сүлгі сабын тіс шеткесін, тарақты жапсыртуды пысықтау. **(Жапсыру)**	Балаларды қалауы бойынша орталықтарға бөлу. Қалауы бойынша геометриялық пішіндер арқылы құстардың суреттерін салдырту, тұзды қамырды пайдаланып құс мүсінін жасату. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерден құстарды жапсырту. **(Сурет салу) (Мүсіндеу) (Жапсыру)** Шығармашылық жұмыстарымен айналысу барысында күй тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы	Шығармашылық жұмыстарымен айналысу барысында күй тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауын қалыптастыру. Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша әр түрлі құрылымдар жасауды үйрету **(Құрастыру)**	«Құлпынай мен қарақатты және т.б жидектерді салысыру». Үлкен кіші сөздерін пайдалануды пысықтау. Бөліп себеттерге салғызу. «Артығын тап» дидактикалық ойыны. Карточкалардан бірдей жидектен артық жидекті тапқызу. **(математика негіздері)**	Суреттер бойынша әңгімелеу, байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Жаттаған тақпақтарын еске түсіріп айту. **(тіл дамытужәне көркем әдебиет)** Ермаксаздан апта бойы жасаған жұмыстың ішінен ұнағанын жасату немесе тақтаға жапсырту дағыдысын жетілдіру. **(Мүсіндеу) (Жапсыру)**

		эмоционалды көңіл-күймен қабылдауын қалыптастыру.			
Балалармен жеке жұмыс	доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатуға қызығушылығын тудыру	артикуляциялық жаттығуларды орындауға талпындыру	үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындауға дағдыландыру	дайын болған бұйымды тұғырға орналастып, жұмыстан кейін материалдарды жинастыруды дағдыландыру	көлік, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді, көлік құралдарының кейбір түрлерін атай білуін дамыту
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Балаларға қалауы бойынша аулаға ойыншықтарды алып, шығуына мүмкіндік беру. Еркін ойындар Қ/о:Қоян мен қасқыр	Қ/о: Тырналар-тырналар **Дидактикалық ойын «Диалог»** Ойынның мақсаты: жауапкершілікке, қайырымдылыққа тәрбиелеу.	Ауладағы тазалықты сақтау ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Қ/о: Тышқандар мен мысық	Көңілді музыкамен би қимылдарын жасауды жетілдіру. **(музыка)** Доппен ойындар. Қ/о: «Күміс алу»	Қандай көкөніс пен жеместерді білетінін сұрау. Қ/о: «Не жедің, тауып айт»

		Педагог балаларды жұптарға бөледі және оларға үй жануарлары бейнеленген карточкаларды таратады. Балаларға үй жануарлары мен оның иесі арасындағы диалог-көріністі ойлап табу ұсынылады, онда иесі үй жануарына қалай қамқорлық жасайтынын және бұл кезде «үй жануарлары» қалай сезінетінін айтады.			
Серуеннен оралу	Асықпай бір-бірін итермей, қатармен жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Сабынның мүсінін жасату. **(Мүсіндеу)**	Құрастыру ойыншықтарынан қарапайым құрылыстар құрстырғызу. **(құрастыру)**	Тазалық құралдарының суретін салып, ермексаздан мүсінін жасату. **(Сурет салу) (Мүсіндеу)**	Қарапайым біріктіру білігін жетілдірумен. жидектерді мүсіндету, жапсырту **(Мүсіндеу) (Жапсыру)**	Бақылау. Мақсаты: Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)**

Балалардың үйге қайтуы	Балалармен тазалық туралы әңгімелесу. Үйде баламен артығын тап ойынын ойнауды ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстар бойынша ақпарат беру. «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру

Тексерген әдіскер: Н.Байходжаева 


Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қараша айы 2025 жыл 2 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 10.11.2025	Сейсенбі 11.11.2025	Сәрсенбі 12.11.2025	Бейсенбі 13.11.2025	Жұма 14.11.2025
Балаларды қабылдау	Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Арнайы әр балаға сәлемдесу әдісін таңдау. Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді қалыптастыру. Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа райы қандай болып тұрғанын сұрау. **(тіл дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау кезінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты алып, атын атау), «Ғажайып сандық», « Үйшігін тап» Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, Құрастыру материалдарымен ойындар, кітаптарды қарату, Табиғат бұрышындағы еңбекке араласуға тарту. **Балармен жеке жұмыс.**				
	«Ойыншықтар қайдан келеді?» Міндеттері: Бізге ойыншықты көп сыйлайтын адамдар? сөздік қорын кеңейту,байланыстыра п тіл үйрету. **(тіл дамыту)** **Сылдырмақ** Өзінше бір жыр жырлап, Отыр інім	«Көлік құралдары» ойыншықтарымен таныстыру. Міндеттері:Оларды ң өмірдегі қызметі туралы айту, қалай ойнауға болатынын көрсету. «Артығын тап» (әуе жер, су көліктер) бойынша карточкалармен жұмыс жасату **(тіл дамыту)**	«Ойыншығым» Міндеттері:Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату Таңдаған ойыншығының **(суретін салу және жапсыру, мүсіндеу)** жұмыстарын орындату	«Қуыршағым» Міндеттері:Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе ермексаздан сөмке, әшекей заттар жасауды меңгерту **(сурет салу, мүсіндеу).**	«Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау. Міндеттері: Топтағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру. Қоржынана алған ойыншығы туралы не білетіндерін әңгімелету.

	былдырлап. Әрі ойыншық, әрі аспап Қолында бар сылдырмақ. *К. Ыбрайұлы* Өлеңді оқып беру. Өлеңнің мағынасын түсіндіру. Бірге жаттау. **(көркем әдебиет)**				Өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. **(тіл дамыту, көркем әдебиет)**
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларын жасату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабыны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру. Өз сүлгісін тауып, сүртіну. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Бес саусақ» өлеңі Бас бармағым – атам, үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы Ортан терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары **(көркем әдебиет)** «ойыншықтар» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. **(тіл дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы	**Музыка** «Ойыншық»	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы	**Қазақ тілі** Қоршаған ортадағы	**Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы

	жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Әртүрлі бағытта: шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру. *Тепе-теңдікті сақтау.* Арқан бойымен жүру *Жүгіру.* Алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; *Домалату, лақтыру, қағып алу.* оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) Қимылды ойын: Құстардың ұшып келуі	Міндеттері: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірініңартынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.	жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Әртүрлі бағытта: шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру. *Тепе-теңдікті сақтау.* тура жолмен қырлы тақтайдың бойымен жүру. *Секіру.* 15-20 сантиметр биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру Қимылды ойын: Күміс алу Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру	күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру	жаттығулар. Негізгі қимылдар: *Жүру.* Әртүрлі бағытта: шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру. *Тепе-теңдікті сақтау.* *Жүгіру.* Алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; *Домалату, лақтыру, қағып алу.* оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) Қимылды ойын: Құстардың ұшып келуі
	«Ойыншықтар елінде» Мақсаты: Балаларды орталықтарға бөліп құрастыру және сурет	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп көліктердің	«Үй жануарлары мен жабайы жануарлар» Үй жануарлары мен жабайы жануарлар	«Менің қуаршағым» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі қуыршағын	**Сылдырмақ** Өзінше бір жыр жырлап, Отыр інім

	салу даңдыларын жетілдіру. Міндеттері:карточкалар ға қарап құрастыру материалдарынан ойыншықтар құрастырту. **(құрастыру)** Дәстүрден тыс әдіспен ойыншықтар бейнесін бояту **(сурет салу)**	суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту.**(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** «Жарқыл мен ғажайып көлік түрлері» Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары	ойыншықтарын тамашалау. Олардың кітаптарға бейнелерін табу. Өз ойларын айтқызу. **(тіл дамыту)**	сипаттау, топтағы қуыршақтармен салыстыра тіл үйрету **(тіл дамыту)**	былдырлап. Әрі ойыншық, әрі аспап Қолында бар сылдырмақ. *К. Ыбрайұлы* Өлеңді оқып беру. Өлеңнің мағынасын түсіндіру. Бірге жаттау. **(көркем әдебиет)**
2-ші таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	Бақылау. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аударту. Жел соғып тұр, далада салқын деген ұғымдарды тұсінуін жетілдіру.**(қоршаған әлеммен таныстыру)**	Еңбек. Мақсаты:Балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту. Аула сыпырушы мен бақташыға көмектесу. **(қоршаған әлеммен**	Бақылау. Мақсаты: Балабақшаны мекендейтін үй жануарлары туралы әңгімелесу. Оны барып көру, күтім жасау. Су тамақ беру. (қонаққа мысық немесе күшік келеді) **(қоршаған әлеммен таныстыру)**	Зерттеу. Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей жапырақтарды салыстыру, жапырақтардың қай ағаштар түскенін атауын үйрету. **(қоршаған әлеммен**	Серуенге алып шыққан ойыншықтарды салыстыру. Бөлшектерін атау. Солдан оңға қарай орналастыру. **(қоршаған әлеммен таныстыру,**

	 Еркін ойындар Ұлттық ойын «Сақина жасыру» «Қоғамдық мүлікті қорға» балабақша ауласындағы заттарға қамқорлықпен қарап, күтіп ұстау.	**таныстыру)** Құрастыру материалдарынан көлік құрастыруды дамыту. **(құрастыру)** Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық»	 Еркін ойындар. Табиғи материалдардан қора жасату. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **(құрастыру)** Қ/О «Поезд»	**таныстыру, математика негіздері)** Еркін ойындар Қуыршақ бейнесі бар қағаздың бетіне дайын киімдерді жапсыруды үйрету. **(жапсыру)** Ұлттық ойын «Ханталапай»	**математика негіздері)** Ағаштардың түскен бұтақтарын жинап, жануарларға қора құрастыруды үйрету. **(құрастыру)** Еркін ойындар Қ/О «Поезд»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. санамақтар және әндер т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Ойыншықтар туралы ертегілер оқып беру **(көркем әрекет)** «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады				

	қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысын менгеру (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Табиғи материалдармен ойыншық жасату (жаңғақтармен) мүсіндеу. Табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **(Мүсіндеу)** Геометриялық пішіндерді таныстыруды жалғастыру. Карточкалармен жеке жұмыстарды орындату. Дидактикалық ойын «Артық пішінді тап» **(математика негіздері)**	«Маша мен аю» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға би билеуді үйрету. **(көркем әдебиет, музыка)** Көліктерді сол жақтан оң жаққа қарай орналастыруды үйрету. **(Математика негіздері)**	Үй жануарлары мен жабайы жануарлар бейнеленген кітаптарды қарату. Жануарлардың азығы жайлы түсінігін қалыптастыру. **(тіл дамытужәне көркем әдебиет)**	Құрастыру материалдарынан қуыршаққа үйшік құрастыруды жетілдіру. **(құрастыру)** Еркін іс әрекеттер	Шығармашылық жұмыстарымен айналысу барысында күй тыңдау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауын қалыптастыру. Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. **(сурет салу, мүсіндеу,**

					жапсыру) Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс	Негізгі қимыл түрлерін игерту	кітаптардағы иллюстрацияларды қарап, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруін қалыптастыру	қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерту	мүсіндейтін заттарды зерттеуді үйрету	жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін үйрету
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Серуен	Қ/о «Ақ доп, қызыл доп» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/О «Поезд» Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету.	Бігінгі ауарайына байланысты көңіл күлері жайлы әңгімелесу Қ/О «Допты дәлдеп лақтыр»	Қ/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Білетін тақпақтарын қайталап айтуын пысықтау **(көркем әдебиет)** Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Асықпай бір-бірін итермей, қатармен жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу	Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс	**Дидактикалық ойын «Эмоцияларды**	«Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық	Әндер мен тақпақтар және билерді қайталату. **(көркем**	**Дидактикалық ойын «Эмоцияларды**

әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	әрекеттер Фланелерафқа жасырылған ойыншықтарды тауып жапсырту **(жапсыру)**	**жаттықтырамыз»** Ойынның мақсаты: елгезектікке, көңіл-күйді көре білуге, өз эмоцияларын басқаруға тәрбиелеу. Тәрбиеші балалардан: - күзгі бұлт сияқты түнеруді; ашулы адамды; зұлым сиқыршыны; - күлімдеген күннің көзін; қу түлкіні; қуанышты баланы; - балмұздағын тартып алған ызалы баланы; көпірдегі екі қойды; итеріп жіберген адамды;	пішіндерді тану және атауды пысықтау **(Математика негіздері)**	**әдебиет, музыка)**	**жаттықтырамыз»** - орманда адасып кетіп қорыққан баланы; қасқырды көрген қоянды; иттен қорыққан мысықты; - жұмыстан кейін шаршаған әкесін; ауыр жүк көтерген адамды; үлкен бұтақты сүйреп бара жатқан құмырсқаны; - көп жұмыс істеген, бірақ анасына көмектескен бала сияқты демалуды; ауыр жүк әкелген жылқыны; жұмыстан кейінгі анасының эмоцияларын көрсетуді сұрайды.
Балалардың үйге қайтуы	Баласының көліктер туралы не білетінін сұрау. Көліктер бейнеленген кітаптар қарауды ұсыну «Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру				

Тексерген әдіскер: Н.Байходжаева

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қараша айы 2025 жыл 3 апта

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 17.11.2025	Сейсенбі 18.11.2025	Сәрсенбі 19.11.2025	Бейсенбі 20.11.2025	Жұма 21.11.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту **(тіл дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Күннің суытуына байланысты балаларда болатын аурулар туралы ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын:«Ойыншықты тап», «Үй құстарын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, кітаптарды қарау, құрастыру материалдарымен ойындары. Табиғат бұрышындағы жануарларға, гүлдерге қызығушылықтарын оятып, іс әрекетке тарту. **Балармен жеке жұмыс.**				
	«Қыс мезгілі» Міндеттері: Кітаптар орталығында қыс мезгілі бейнелеген кітаптарды көрсету. Қыс мезгілі туралы не білетінін анықтау. Олар туралы не білгісі келетінін сұрау. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету. **(тіл дамытужәне көркем әдебиет)**	«Ауылға саяхат» Міндеттері: саяхатқа баруды ұсыну. Балабақшаның ішінде үлкен көлемді жануарларды тамашалау. Олардың қысқы өмірі туралы сұрау. Олар дала да тұрады, жаурайды ма, жаурамай ма? Олар тоңып қалмас үшін не істейміз деп әңгімеге тарту « Қошақаным» әнін	«Құс қанат» оюын таныстыру, Міндеттері: қалаулары бойынша түстерді таңдап бояту. **(сурет салу)** Құрастыру материалдарынан карточкаларға қарап балапан құрастыруға көмектесу **(құрастыру)**	«Қай ертегіден» Міндеттері: дидактикалық ойыны арқылы суреттерді көрсетіп, қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. Ертегілерде қыс бейнесі қалай бейнелегенін суреттерден көрсету. **(көркем әдебиет)**	«Көлік» Міндеттері: Терезеден көліктерді көрсету, дауыстарын салу. Кімнің үйінде көлік бар. Олар қалай қысқа дайындалады. Дөңгелектерін қалай ауыстырады. Диалог құруды үйрету. **(көркем әдебиет)**

		айтқызу. **(тіл дамыту, көркем әдебиет, музыка)**			
Таңертенгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Санитарлық бөлмеге қатармен кіріп, шығу ережелерін пысықтау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Жақсы көңіл күйде жүру үшін бір бірімізге жақсы тілектер айтайық. Бүгінгі күнге әр түрлі іс әрекеттер жоспарлайық деп балалармен бірге жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. **(тіл дамыту)** Қазір жылдың қай мезгілі? Алда қандай мезгіл келе жатыр? Қысқа дайындықты адамдар, жануарлар, құстар, көліктер қалай жасайды сұрау. Пікірлерін тыңдау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**Дене тәрбиесі** <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> *Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру *Домалату, лақтыру, қағып алу.* Аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр	**Музыка** «жыл мезгілі» Мақсаты: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз	**Дене тәрбиесі** <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> *Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру *Еңбектеу, өрмелеу.* Көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу *Секіру.* Сызықтан	**Қазақ тілі** Ауызекі тілң қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.	**Дене тәрбиесі** <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> *Жүру.* Тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру *Жүгіру.* Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы:

	қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Қимылды ойын: Сақина жасыру	бетінше бастау және аяқтау дағдысын дамыту	секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Қимылды ойын: Шыбыққа қалпақ кигізу Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу. Спорт залда		тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; *Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.* Шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Қимылды ойын: Ақ доп, қызыл доп
	«Қар ұлпалары» Міндеттері: Балалардың таңдауы бойынша қарды ермексаздан жасату. Фланелеграфқа мақтадан жасалған қар ұлпаларын жапсырту. **(мүсіндеу, жапсыру)**	«Жеті лақ» ертегісін кітаптан оқып беру, суреттерін көрсету, әңгімелесу. **(көркем әдебиет)**	«Бала бала балапан» әнін айтқызу. би қымылдарын жасату. Балапан туралы не білетінін сұрау. **(тіл дамыту)**	Міндеттері: Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салысытыру, санату **(математика негіздері)** Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық жұмыстарды жасату. **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)**	«Дөңгелек» Міндеттері: Әр түрлі көлемде ермексаздан дөңгелектер жасату. Оларды салыстыру, санату, **(математика негіздері және мүсіндеу)** Көліктерге арнап гараж құрастырғызу **(құрастыру)**

2-ші таңғы ас	Таңғы ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»,табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыру.				
Серуенге дайындық	Балалармен ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Серуен	Балабақша ауласынада ауа райын бақылату. Бақылау. Мақсаты: Жапырақтардың тербелуі мен жерге түсуін тамашалату. Құстарға қарау. Олардың үй құстарынан айырмашылығы неде екенін сұрау, ақпарат беру. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Ұжымдық сурет салдырту. Қарапайым табиғат құбылыстарын таяқпен жерде немесе қарда салғызу **(сурет салу)**	Бақылау. Мақсаты: Балабақша ауласын сипаттап, ауа райы туралы айтып беруін ұйымдастыру. **(қоршаған әлеммен танысу)** Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» **Дидактикалық ойын «Көңіл - күйдің кездесуі»** Ойынның мақсаты: мейрімділікке,	Бақылау. Мақсаты: Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар мен құстар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Құстардың қысқа қалай дайындалатынын бақылату. **(қоршаған әлеммен таныстыру)**  Балалардың дербес әрекеттері	Құрастыру ойыншықтарымен таза ауада ойындар **(құрастыру)** Аула сыпырушыға балабақша ауласын тазартуда көмек беру. Балалардың дербес әрекеттері **Ұлттық ойын** «Қара құлақ» «Тақия тастамақ»	Бақылау. Мақсаты: Желді бақылау, желге қарсы және желдің бағытында жүру. Айырмашылығын сезіну, айта білуін дамыту. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Еркін ойындар **Ұлттық ойын** «Қара құлақ» «Тақия тастамақ»

	Еркін ойындар «Жаңылма» - **ұлттық ойын**	өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу. Педагог эмоциялар бейнеленген карточкалардың екі тобын (пиктограммалар) орналастырады және балалардан әртүрлі эмоциялар қалай кездесетінін, жағымды және жағымсыз эмоцияларды елестетуді сұрайды. Тәрбиеші «жағымды» эмоцияны, ал бала «жағымсыз» эмоцияны көрсетеді, содан кейін карточкалардың орнын ауыстырады. Эмоцияларды қалай татуластыруға болатындығы туралы талқылайды.	Фланелеграфқа торғайларды жапсырту **(Жапсыру)** **Ұлттық ойын** «Қара құлақ»		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(дербес ойын әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»				

	табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)** Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(тіл дамыту)**
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Әлем халықтарының ертегілерін оқып беру **(көркем әрекет)** «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).
Бесін ас	Гигиеналық шараларды орындау. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. Жыл мезгілдерін санау, табиғат бұрышынан өзгерістерді анықтату. **(математика негіздері)** Табиғи материалдардан үй құстарына үйшік құрастырту. **(құрастыру)**	Құрастырмалы ойынышықтардан төрт түлікке қора құрастырту **(Құрастыру)** Фланелеграфта төрт түлікті төлдерімен сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау **(Жапсыру)**	Торғай ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру мен салыстырту (үлкен, кіші) **(Математика негіздері)** «Әнші балапан» әнін тыңдату, сюжеттік мүсіндеуді орындату. **(Мүсіндеу)**	«Шалқан» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. Кітаптарға қарап айту. дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау. **(тіл дамыту)**	Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру. **(тіл дамыту)** «Жарқыл мен ғажайып көлік түрлері» Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары
Балалармен жеке жұмыс	бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға талпындыру	кітаптағы суреттерді қарап, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруін дамыту	ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табуды үйрету	қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын меңгерту	ата-анасын және өзіне қарап отырған басқа ересектерді тануын жетілдіру
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту)**.				
Серуен	Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/о «Сақина жасыру». Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау.	Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес	Қ/О «Сақина жасыру» Балалардың дербес әрекеттері

